

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, АР-ИМАН ТАҚЫРЫБЫ

*Курмамбаева К.С.¹

*¹филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей, Қазақстан
e-mail: karlygash.kurmambayeva@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – бүкіл әлемге әйгілі қазақтың ұлы ақыны, жазушысы, философы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасы негізінде қай кезеңде болмасын өзекті болып саналатын адамгершілік пен гуманизм тақырыптарын талдау. Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы – оның дана тәлімгерлердің ілімдерін мақсатты түрде білу арқылы келген рухани ізденістерінің, сенімдерінің, азапты ойларының, қиналыстарының мәнін ашу.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына негізделген көркем шығармалардағы «ар-ождан», «ар-ождан туралы ғылым», «ар-ождан кодексі» ұғымдарының жан-жақтылығы талданады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі Л.Н.Толстой, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Б.Рақымжанов, А.Омаров, Т.Жұртбай, Б.Ердембеков, К.Досай, Т.Шаңбай және тағы басқа да әдебиеттанушы ғалымдардың философиялық және әдеби зерттеу еңбектері болды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі – берілген тақырып аясында жүргізілген сыни талдау барысында саяси-әлеуметтік орта ақынның дүниетанымын берік қалыптастырғаны анықталды, өйткені егер өз елінде бәрі жақсы болса, ақынның жаны үмітсіздікке ұшырамайтын еді деген байлам жасалды.

Ұлт-азаттық қозғалыс басталған дәуірде сенім мен адамзат қағидаттарына адалдық қоғамның прогрессивті дамуының қозғаушы күшіне айналады.

Туған халқына деген жанашырлық Шәкәрім Құдайбердіұлын өзінің туған еліне лайықты ұл, көрнекті ақын-ойшыл, адамдар мен қоғамның игілігі үшін ғұмырын арнаған уағызшы дәрежесіне жеткізді.

Зерттеу барысында көркем, публицистикалық және ғылыми мәтіндерді теориялық талдау, жүйелеу, жалпылау, тұжырымдау, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Жұмыс қорытындыларының практикалық маңыздылығы – бұл мақала жоғары оқу орындарындағы әдебиеттану пәндерінің циклі бойынша дәрістер мен семинарларға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Тірек сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абай Құнанбаев, философия, адамдық, адамгершілік, ар-ождан, «Ар-намыс кодексі», адамилық

Негізгі ережелер

Абайдың шәкірттерінің ішіндегі ерекше дарынды және ұлы ақын шығармашылығын философиялық жағынан дамытушы Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Абай қалыптастырған рухани-ағартушылық әдебиетті Шәкәрім ары қарай дамытып, оның мазмұнын кеңейте түсті. Отаршылық езгі қыспағында рухани тамырынан үзіліп, білімсіз өмір кешкен қайран қазаққа шын керегі осынау жарық жол болатын. Шәкәрім шығармаларының эстетикалық өресі биіктігін және тұтас ел, қалың бұқара қамы үшін адамшылық негізді сақтап қалуға ұмтылған ақылмандық ұстанымын ақынның

ар-ождан, адамшылық қалып, иман категорияларын биік поэзия арқылы танытады. Адамшылық, иман жырлары Шәкәрімде шынайылығымен әрі көркемдік қуатымен берілген. Бастысы Шәкәрімнің шығармашылығы арқылы қазақ дүниетанмындағы ғасырлар бойы қалыптасқан ар білімі сипаттары көрініп, көпшілікті сол білімге үндеуімен ерекшеленеді.

Кіріспе

Данышпан ақынның ішкі сыры оның иман, адамдық мәселелерін жалықпай сүзіп, сананы кірленуден тазалайтын көркем сөзге аманаттауы арқылы көрініс тапқан. Абай айтқан надандық меңдеген «етекбастылық» Шәкәрімді де көп қинаған. Ақынның өзі айтпақшы, адам баласы жарық дүниеде тазалықтың мәнін білсе адаспайды, ол үшін мінді әуелі өзіңнен ізде деп философиялық түйін жасайды. Адамның адамдығы оның басқа жандарға әділетпен қарауы екенін ақын үнемі өз шығармаларында көрсетіп отырады.

Білімділер насихат көп жазады,

Адам үшін уайым жеп жазады.

... Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл,

Жала жауып, салынба жантаймаққа [1, 81 б.].

Қазақ даласына мұсылмандық келгенімен ол қазақ халқының дәстүрімен үндесе отырып, халықтың ойынан шықты. Қазақ халқындағы далалық танымға негізделген адамдық кодексі исламмен келген иман категориясымен үндесті. «Мұсылмандық шарты» атты ой-толғамдарында Шәкәрім иман туралы жазады. Иман мәселесін түп негізден қозғайды: Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ақылмен нанбақ. Яғни, Алланың бар екеніне және оның бір екеніне сезініп барып мойынсұну керек екен. Сол қасиет адамның иманының басы болмақ. Міне, Шәкәрім осыны айтады. Шәкәрімнің осы тұжырымы қасиетті Құран Кәрімнің 1-Фатиха сүресімен толық үндесіп тұр, мұндағы жеті аяттың мән-мағынасы тура осы монотеистік ойдың кілті болып табылады. Алланың барлығы, бірлігі, оның әлемнің Раббасы екендігі, оған құлшылық ету, тура жолдан адаспауды тілеу туралы айтылған. Бұл беташар сүре ислам дінінің түп қазығы болып саналады. Мұны Шәкәрім айқын білген. Ол Жаратушы Иенің бар екеніне, бір екеніне мойынсұнған адам иманға ұйып, қиянатқа бармайды деп білді. Адам өзінің жаратқан иенің бар екенін және оның өзін қолдайтын, түзу жолға салатын ерекше күш екенін білгенде, оның айтқанымен жүрмек.

Шәкәрім Құдайбердіұлы Аллаға иман келтірген адамдардың оны түсінуіне байланысты иманды «шатақ иман» және «шын иман» деп шартты түрде бөліп қарайды [2]. Иман деген жалған, өтірік илану, елді алдау үшін жанын жалдау емес екенін де өз өлеңдерінде беріп отырған. Шәкәрім өлеңдері арқылы ислам қағидаларын барынша қазақ ұғымына салып түсіндіруге тырысқан.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеуде теориялық талдау, жүйелеу, жинақтау, тұжырым жасау, салыстырмалы талдау әдістері қажетінше қолданылды.

Нәтижелер

Шәкәрім Абайдың рухани шәкірті, ойын жалғастырушы ізбасары, ол халықтың рухани жоғын іздеген Абайдың ақындық мектебінен шыққан таланттардың көшбасында тұрғаны белгілі. Поэзияның көркемдік әлемінен бөлек, сюжетті дастандар мен жырлар жазу өз алдына, ұлттың өзін-өзі сақтау түйсігін зорайтатын иман, адамгершілік мәселесіне Шәкәрім аса пейілді, шын ынталы болғанын шығармашылық қолтаңбасы айқындай түседі. Иман мәселесін Абайдың ақындық мектебінен нәр алған шәкірттері ерекше биік санамен жырласа, Шәкәрімнің бұл орайда әулиелік үні ерекше тебіреністі шығады. Ар мен ұждан туралы толғаған Шәкәрім өз шығармашылығында басты ұстаным етіп таза ойлы адам мен еркін адам мәселесін де назарда алып отырды.

Мұхтар Әуезовтің айтуынша, Шәкәрімнің Абайдың толық мағынадағы шәкірті болған кезеңі он бес жылдай уақытты қамтиды [2]. Ғылым мен білім арқылы адам жанының надандық қыспағынан азат болатынын ақын барынша жеткізуге тырысты. Рухани ғылым дегенде біз гуманитарлық ғылымдар саласы екен деп біржақты қарамауымыз керек. Рухани ғылым деген адам баласының қажетіне жарайтын, адамды алға жылжытатын ғылым. Шәкәрім ғылым туралы айтқанда ғылыммен айналысып, ғалым болғанның барлығы да жақсы адам болмауы мүмкін екеніне де ой бөледі. Ақынның «Сен ғылымға болсаң ынтық» деген өлеңінде білімін игерген ғалым мен таза бас пайдасы үшін еңбектенген ғалымды сынайды. Ақын ғылымның пайдасымен қатар зиянын да айтады. Сонда ғылымды игеріп алған адам өзінен білімі төмен адамды алдап, пайда көрсе, ол залымдық деп таныған. Яғни, иманы жоқ ғалым ғана солай жасайды.

Сондықтан Шәкәрім өлеңдерінің тұтас бір парасы тек иман мен адамшылық қағидаларын көркем сөзбен бейнелей айтуға бағытталды.

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,

Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,

Таза жүрек, тату дос – сол шарасы [3, 155 б.].

Талқылау

Саяси әлеуметтік орта ақын тағдырына әсер етпей қоймады, заманы оның дүниетанымындағы адамдықтың алтын қазығын берік қалыптастырады. Себебі туған елі берекелі болса, ақынның жаны шат, күйзеліске ұрынбайды. Ұлт-азаттық қозғалыс басталған дәуірде неліктен иман мен адамшылық қағидаларына адалдық қоғамның тұтқасы болмақ? Бұған жауапты абайтанушы ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбайдың мына пікірінен табуға болады: «Рухани және экономикалық тәуелсіздік – ұлттық бостандықтың кепілі. Экономикалық тәуелділік бар жерде – теңдік жоқ. Теңдік жоқ жерде – бостандық жоқ. Бостандық болмаған жерде – рухани тәуелділік бар. Ал рухани тәуелділік – халықтың, ұлттың, мемлекеттің өлімге бет алуы деген сөз [4].

Ғалым Т. Жұртбай байыптап, саралаған дүниенің барлығын Шәкәрім өз бойынан өткізген. Халқының теңсіздікте болуының себебін іздеген, тапқан. Бірақ оны жүзеге асыруға уақыты жетпеді. Қолдаушы халқының жағдайы болмады. Бұл үлкен бір ұлттық трагедия деуге болады.

Адамның иманы кәміл болуы үшін оған түзу жолды таңдау керек. Жарық дүниеде түзу жолды көрсететін көсемдер рухани ұстаздар, ғұлама хакімдер болып шықты. Әуелде Шәкәрім ғылым-білімді ұлықтау үшін жастарға өмірлерің зая болмасын десендер «Жалыналық Абайға, жүр, баралық!» деп өсиет айтса, сосын қазақтың данасы Абаймен қоса Толстойды пір тұтып атайды.

Ақиқат сырымды айтсам – Толстойдың
Мың сопыны алмаймын тырнағына.
Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың
Алданбайсың артынан ере берсең [3].

Философ Шәкәрім бір ғасыр бұрын айтқан иманды бұзатын шатақ діндер көбейсе, деструктивті топтарға ерген әсіре діншілдердің санасы уланып, терроризмге жылдам бой алдырарын бүгінгі әлем айқын көрсетті. Мұны ақынның өз сөзімен айтса, «Терісті де дұрыс деп сендіретін» зомби қылу технологиясын меңгерген арнайы топ жасайды. Иман мәселесін ақын дінмен байланыстыра ашады. Өйткені «иман» деген сөздің баламасы – сенім дегенмен тең.

Сопыларға біздің Жар бір қараса,
Жарық нұрмен жүрегін араласа,
Жанын жан, ескі иманын иман демей,
Байғұстар қалар еді-ау таң-тамаша.

«Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың», «Мен болсам Толстойдай арманым жоқ» – деп өлеңге сырын ашқан Шәкәрім орыс әдебиетінің алыбы, адамзаттың данышпаны Лев Николаевич Толстойды пір тұтты. Ол Толстойға хат жазды, философиялық сауалдар жолдады деп айтып жүрміз. Ұлы жазушының рухани ізденісі мен жан азабын, жан сырын қамтитын «Исповедь» атты кітабы толығымен иман мәселесіне арналған. Оның иман туралы ойы Шәкәріммен үндес [5]. Л. Толстойды өзіне ұстаз санаған ақын оның адамның рухани өмірінің мәнін іздегенінен білеміз. Ал өмірдің мәнінің не екенін өзі үшін тапқан ақын елден оңаша Саят қораға кетіп қалғанын білеміз.

Өмірдің мәнін таппай аласұрған ұлы жазушы 50 жасында өзіне-өзі қол салып, суицид жасауға шақ қалып, ақыры рухани қайнарын іздеп тапқан. Л.Толстой адам баласы имансыз өмір сүре алмайды деген шынайы шешімге келген. Имансыз адам дінсіз, оған адамшылық асыл қасиеттер жат. Түсі игіден түңілме дейтін қазақ халқы мейірбан, жүрегі жылы адамды иман жүзді десе, қарғаса «иманы күйсін!», «имансыз» екен дейді. Ұлттық менталитетте айқын көрініс тапқан нәрсе сол – иман мен адамгершілік категориялары ар-ұятқа тікелей тиесілі. Ұят кімде болса, иман сонда. Сондықтан Шәкәрім иманның

негізгі белгісі ретінде ұждан категориясын шығарды. Аудармаларындағы «Ұждан» деген прозалық шығармасы осыған дәлел.

Адамгершілік қасиетті Шәкәрім күллі шығармашылығының асыл өзегіне салған. Бұл ретте оны Абайдың рухани жолын жалғаушы, рухани ізбасары деп танаймыз. Империялық пиғылдың қыспағындағы халыққа ақ жол нұсқау сол уақыттың ең өзекті мәселесі болатын. Көзі ашық, көкірегі ояу алаш азаматтары тегіс осы жолға түсті.

Шын таза жан тазалықпен
Тәңірісіне бармақ ол.
Мейірім, ынсап, әділеттен
Ағызам деп нұр бұлақ.

Шәкәрім иманды ғана емес, адамшылық қасиетті де шын дінмен астастыратыны осы өлеңнен айқын көрініс тапқан. Себебі иман мен кісілік түп негізі бір, бір-бірінен ажырамас ұлы құндылықтар. Иманнан шығу, имансыздыққа ұрыну пендені арсыздыққа ұрындырады. Өлеңде кейіптеу арқылы мейірім, ынсап, әділет, нәпсі сияқты абстрактылы ұғымдарды тірілтіп, оқырманның көзіне көрінетіндей етіп суреттеуінің де үлкен мәні бар.

Ақын «Қодардың өлімі» атты өлеңде тобықты арасында болған қаралы оқиға, сүйекке дақ салған шындық өмірдің бір үзігін алып суреттеумен ашты. Адам жанының имансыздығы рухани құлдыраушылыққа әкелетінін ақын сюжетті өлеңі арқылы бейнелі түрде келтіреді. Бұл сюжетті жыр, тарихи тұлғалар – ақынның немере ағасы Құнанбай және Барақ төренің аты аталған. Аға сұлтан Құнанбайдың арқасына Барақ төре айтқан: «Мұны қылған жат емес, өз Олжайың » деген таба сөз аяздай батады. Ата тегіне жат, тексіздікке ұрындырар жөнсіздікті Шәкәрім моральдық тұрғыдан айыптамай қалмайды. Сондықтан күнәһар Қодар туралы реалистік әңгімені ол шежірелік деректерден бастайды.

Арғы атамыз Олжайдан үш ұл болар,
Айдос, Қайдос, Жігітек, – міне, осылар.
Қайдостың бір баласы Борсақ деген,
Соның бір тұқымы еді батыр Қодар.
Бар еді сол кісінің бір жақсы ұлы,
Қаза жетіп өліпті сол бір жылы.
Жесір қалған келінін Қодар алып,
Құлмайтын істі қылған құдай құлы.
Жасырмай айта берсем, сөздің шыны –
Құдайға ерегесіп қылды мұны.
Баламды алсаң, мен де алдым келінімді,

«Қане, ата ғой деп қылдым, – дейді, – осыны» [3, 133 б.].

Қодардың құдаймен алысуы күпірлікке бастады. Автор мұның себебін арсыздықтан және иманнан безу деп таниды. Ел болу үшін осындай жаманшылықты дер кезінде аластап отырмаса болмайды деген қатаң үкім айтады. Негізінен гуманизм идеяларын жақтайтын, адамшылықты бәрінен жоғары қоятын ойшыл ақын Шәкәрім неліктен аталас туысы Қодар мен оның келіні Қамқаны боямай-сырламай, ұятсыз қылықтарына жирене қарап, түйеге

артып дарға асқан соң олардың өлігін өртеді деп жасырмай жайып салады? Оның жауабы біреу – құдайдың ақ адал заңын бұзып, ар-ұяттан, иманнан безген адамдар бұл дүниедегі ең сорақы жандар екен. Олар қоғамды іштен ірітеді және айналып келгенде қауымға әрі өздеріне қастық қылады. Жексұрын жаман үлгіні ә дегенде түп тамырынан жұлмаса ол арам шөп тәрізді қаулап өсе бастайды да ақыры бой бермей ұлғайып кетеді. Шәкәрім елді тәрбиелеудің бір жолы осындай каталдық екенін де шығармасында білдірген. «Қалқаман-Мамыр» дастанында да ақын аталас екі жастың істегенін құптамайды. Бұл жерде Қодардың ауызына «шарифат немерені қосады екен» деген сөзді салса да ақын қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан жеті атадан қыз алмау сияқты тектілік белгісін сақтауды қалайды. Сондықтан Мамырдың өлуі мен Қалқаманның елден аластатылуын оқиғаға қосады.

Әнет бабам үш жүзге мәлім болған,

Адалдықпен басына бақыт қонған [3, 174 б.].

Иман құдіретін Шәкәріммен замандас ақындардың бәрі жырлаған. ХІХ ғасырдың ортасынан қазақ әдебиетінде мұсылмандық парызын насихаттайтын діни сарындағы жыр-дастандар молайды. Себебі осы уақытта империялық Ресейдің елге татар молдаларын молынан жіберіп қазақ арасында ислам дінін насихаттай бастаған. Оның себебі, исламның радикалды бағыттарын біртіндеп кіргізу ойы болған сияқты. Бірақ қазақ ақындары өз заманының зиялы қауымы ретінде исламның таза, адал бағытын өз өлең жырларында халыққа жеткізіп отырды.

Белгілі жырау Майлықожа Сұлтанқожаұлы «Адал дінің иманың», «Ұятсызда иман жоқ» деген атаумен толғау-термелер жазды. Иман әрдайым ар-ожданмен бірге жүреді, бұлар синоним ұғымдар. Бұлар қазақ халқының дүниетанымында тұрған асыл қасиеттер болғандықтан халық жатырқамай қабылдады.

Дін арқылы иманға үю, білім арқылы бойкүйездіктен арылып, пайдалы істерді тану Шәкәрім заманының бас бағдарламасы болатын. Абайдың лайықты шәкірттерінің бірі Әріп Тәңірбергенов те бұл парызға адал ақын болды. ...Әріп дін жолын халыққа насихаттауда жалаңдыққа ұрынбай, бір Алла жолы арқылы адам бойына қасиет отын, оның ішінде ғылым-білімді әсерлі де, әрлі жолмен дамытуға көңіл қояды:

Тірлікте таза жолды білмек керек,

Зікір қып адал жолда өлмек керек.

Ғылымды танысын деп адам қылды

Дүниеге себеп үшін келмек керек.

Міне, ақын көрсеткен өмір сүрудің себебі де, мәнісі де осында. Ғылымды тану – ол адам болу яғни таза жүріп, адал өлу деген сөз. Өнер-білім – Ғылымды тану – ол адам болу яғни таза жүріп, адал өлу деген сөз. Өнер-білім – Әріп заманының ең өзекті мәселесі [6]. Адаса бастаған халықтың бағына ұлттық ар-намысты оятуға туған дерлік оқыған, дарынды азаматтар өсіп жетілді.

«Қазақ дінді ардың көзі, рухты, қалыпты, адамдықты сақтаудың өлшемі ретінде қабылдаған. Негізі ислам дінінің мәні де, соңғы пайғамбарымыздың міндеті де – осы» [7].

Шәкәрім өзінің адам болмысы туралы «Адам немене» атты өлеңінде ар ілімі болмаса жер бетін зұлымдық бағындырып, меңдей берерін формула тектес нақыл сөзге айналдырған:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес. Осы жолдарда зұлымдықты жеңу үшін арлы ғылым керек екенін айтады. Әділдік жеңуі үшін де ғылым керек дейді.

Ел еңсесін басқан тоғышар надандықтың көзін түбегейлі құрту үшін ақын әр өлеңінде ар-иман, адамшылық қағидаларына орала береді әрі оның мән-мазмұнын байытудан еш жалықпайды:

Ар түзер адамның
адамдық санасын.
Ақ жеңіп шығады,
арамның қарасын.
Адал еңбек,
ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса
әлемнің таласын.
...Ар билейтін заманда
нәпсі өліп,
Бірігер еңбекте
барша адам баласы.

Ол «Бостандық таңы атты» деген Рух әнұраны тәрізді өлеңінде (Таңдамалы, 185-186 б.) социализм мен коммунизм идеяларына өзек болған әділет пен теңдік туралы шынайы танымға ар-иман категориясы арқылы жетуге болатынын жазады. Алайда адамзат қоғамы теориялық жағынан ұлы философтар баяғыда көзі жеткен ақиқатты іс жүзінде жүзеге асыруға шорқақ болудан аспады.

Үйретсем иман адамға,
Әділге, мейлі наданға.
Қолы жүйрік, көзі өткір,
Көңілі соқыр шабанға.
Түзетсем оның тілегін,
Тірілтіп өлген сүйегін.

Шәкәрім «Иманым» атты өлеңде (235 б.) қазіргі заманғы психология ғылымында адам санасын дұрыс ойлауға бағыштап, ақылы тренинг өткізіп жүрген коучтердің айтпағын ар-иман категориясына танып-біліп салғаны таң қаларлық құбылыс. Лирикалық тұлға иманды барлық адамға үйретуге болады деген сенімде. Әділ адамға да, надан адамға да үйретуге болады деп ойын білдіреді.

Адам тірі жүрсе де
Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін
Серт бергем еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін.

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп өзінің қалыптасқан кезінен рухани дүниетанымын айқындап қойған қазақ халқының отар елге айналғанын, сонымен қатар кейбір ұлттық қасиеттеріне нұқсан түскенін Жанақ ақын, Дулат Бабатайұлы, Шерняз Жарылғасұлы, Шортанбай, Мұрат Мөңкеұлы, Кердері Әбубәкір сияқты зар заман ақындары жүрегі қан жылап жырға қосты. Кесірлі қоғамның қисық айнадағы кескінін анық әшкерелеген Абай сатирасы болды. Ендігісі адасуға шақ тұрған халықты білім сәулесімен, дін ережелерімен тәрбиелеу керектігі алдыңғы қатарға шықты. Шәкәрімнің рухани-ағартушылық поэзиясы тұтаса келе Ар ілімі концепциясын тудырғаны белгілі. Ар білімі ұғымының әлі де мәнін кеңірек аша түсуге болады. Оның мәнін ашып, түсінік бере отырып талдау арқылы ақынның негізгі ойын, мақсаты мен халық алдындағы перзенттік парызын орындауға деген құлшынысын байқаймыз.

Қорытынды

Шәкәрімнің өлеңдерінде, адамгершіліктің негізін құрайтын ұлттық әдеп ұғымдары да, адамдық қасиетке жат қылықтар да ақынның көркемдік көру қуатымен қозғалыста, шынайы көрініс табады [8]. Адамгершілік сөзін Абай да адамдық деп қолданған. Сондықтан ақын өзінің ұстазы ұстанған бағыттан таймай әр сөздің мағынасын Абай салған үлгіде айтқанын көреміз.

Шәкәрім иманды ақылмен сеніп қабылдайды. Оған ойшыл тұлғаның «Ақылмен сенбей иман жоқ» деп айтқан қағидасынан бөлек, күллі асыл мұрасы куә.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Рақымжанов Б. Шәкәрім дүниетанымы. – Қарағанды, 2009. – 122 б.
- [2] Омаров А. Шәкәрімнің өмірбаяны. – Алматы, 2007. – 107 б.
- [3] Шәкәрім. Таңдамалы. – Алматы, 1988. – 144 б.
- [4] Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің... – Алматы, 2009. – Б. 79-81.
- [5] Толстой Л.Н. Исповедь. – Ленинград: Художественная литература. Ленинградское отделение, 1991. – 79 с.
- [6] Ердембеков Б. Әріп ақын. – Алматы, 2001. – 125 б.
- [7] Досай К. Салт-дәстүр сөйлейді. – Алматы, 2017. – 7 б.
- [8] Шаңбай Т. Шәкәрім энциклопедиясы. – Семей, 2008. – 40 б.

REFERENCES

- [1] Raqymjanov B. Şäkärım dünüetanymy [Shakarim 's Worldview]. – Qarağandy, 2009. – 122 b. [in Kaz.]
- [2] Omarov A. Şäkärımniñ ömirbaiany [Shakarim 's biography]. – Almaty, 2007. – 107 b. [in Kaz.]
- [3] Şäkärım. Tañdamaly [Selected works]. – Almaty, 1988. – 144 b. [in Kaz.]
- [4] Jürtbai T. Küiesiñ, jürek... süiesiñ... [You burn, heart... you love] – Almaty, 2009. – B. 79-81. [in Kaz.]
- [5] Tolstoi L.N. İspoved [Confession]. Leningrad – Hudojestvennaia literatura. Leningradskoe otdelenie, 1991. – 79 s. [in Kaz.]
- [6] Erdembekov B. Ärip aqyn [Poet Arip]. – Almaty, 2001. – 125 b. [in Kaz.]
- [7] Dosai K. Salt-dästür söileidi [Traditions say]. – Almaty, 2017. – 7 b. [in Kaz.]

[8] Şañbai T. Şäkärım ensiklopediasy [Encyclopedia of Shakarım]. – Semey, 2008. – 40 b. [in Kaz.]

ТЕМА ПРАВСТВЕННОСТИ, СОВЕСТИ В СТИХАХ ШАКАРИМА

*Курмамбаева К.С.¹

*¹кандидат филологических наук, старший преподаватель, НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Семей, Казахстан
e-mail: karlygash.kurmambayeva@mail.ru

Аннотация. Цель статьи – проанализировать актуальные во все времена темы веры и гуманизма на материале творческого наследия известного во всём мире великого казахского поэта, писателя, философа Шакарима Кудайбердиева. Основная идея научной работы – раскрыть суть его духовных поисков, верования, терзания и исповеди, к которым он пришел через целенаправленное познание учений мудрых наставников – Низами Гянджеви, Хаким Абдулкасим Фирдоуси Туси, Омара Хаяма и др.

Научная и практическая значимость работы заключается в том, что в статье анализируется многогранность понятий «совесть», «Наука совести», «Кодекс чести» в художественных произведениях на основе творчества Шакарима Кудайбердиева.

Методологической основой исследования послужили философские и литературоведческие труды Л.Н.Толстого, А.Кунанбаева, Ш.Кудайбердиева, Б.Рақымжанова, А.Омарова, Т.Жұртбай, Б.Ердембекова, К.Досай, Т.Шанбай и других ученых-литературоведов.

Основным результатом исследовательской работы является то, что в ходе проведенного критического анализа обнаружилось, что политическая социальная среда прочно формирует гармоничное мировоззрение поэта, потому что, если в родной стране всё благополучно, чувствительная душа поэта не обречена на уныние.

В эпоху, когда началось национально-освободительное движение, непоколебимая верность общепризнанным принципам веры и человечности становится движущей силой прогрессивного развития общества.

Сопереживание родному народу сделало из Шакарима Кудайбердиева достойного сына своей Отчизны, выдающегося поэта-мыслителя, проповедника на благо людей и общества.

В ходе исследования использовались методы теоретического анализа, систематизации, обобщения, вывода, сравнительного анализа художественных, публицистических и научных текстов.

Практическое значение итогов работы заключается в том, что статья может быть использована в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и семинарам по циклу литературоведческих дисциплин в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: Шакарим Кудайбердиев, Абай Кунанбаев, философия, нравственность, человечность, совесть, «Кодекс чести», мораль

THE THEME OF MORALITY, CONSCIENCE IN SHAKARIM'S POEMS

*Kurmambayeva K.S.¹

*¹Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, NJSC «Shakarım University of Semey»

Semey, Kazakhstan, e-mail: karlygash.kurmambayeva@mail.ru

Abstract. The purpose of the article is to analyze the themes of faith and humanism based on the material of Shakarım Kudaiberdiyev's creative heritage. The main idea of the scientific work

is to reveal the essence of his spiritual quest, beliefs, torments and confessions, to which he came through the knowledge of the teachings of wise mentors.

The scientific and practical significance of the work lies in the fact that the article analyzes the versatility of the concepts of "conscience", "Science of Conscience", "Code of Honor" in works of art based on the work of Shakarim Kudaiberdiev.

The methodological basis of the research was the philosophical and literary works of L.N.Tolstoy, A.Kunanbayev, Sh.Kudaiberdiyev, B.Rakymzhanov, A.Omarov, T.Zhurtbai, B.Yerdembekov, K.Dosai, T.Shanbai and other literary scholars.

The main result of the research work is that in the course of the conducted critical analysis it was found that the political social environment firmly forms the poet's worldview, because if everything is well in his native country, the poet's soul is not doomed to despondency.

In the era when the national liberation movement began, loyalty to the principles of faith and humanity becomes a driving force for the progressive development of society.

Empathy for the native people made Sh.Kudaiberdiyev is a worthy son, an outstanding poet-thinker, a preacher for the benefit of people and society.

In the course of the research, methods of theoretical analysis, systematization, generalization, conclusion, comparative analysis of artistic, journalistic and scientific texts were used.

The practical significance of the results of the work lies in the fact that the article can be used as an additional educational material in preparation for lectures and seminars on the cycle of literary disciplines in higher educational institutions.

Keywords: Shakarim Kudaiberdiyev, Abai Kunanbayev, philosophy, morality, humanity, conscience, "Code of Honor", moral

Статья поступила 30.03.2023